

## Салауатты өмір сүру-ұлт болашағы

2015 жылдың 5 ақпаны күні Жерге орналастыру факультетінде «Бағалау» мамандығының 206 және 306 топ студенттерімен Астана қаласының «Салауатты өмір сүру» орталығының дәрігер-координаторы Әсем Дулатовна Чугулевамен кездесу өтті.

Кездесуді 306 – топ кураторы А.С. Кульмаганбетова және И.В. Репников ұйымдастырды.

Семинардың мақсаты – жастардың санасына есірткі заттардың зияндығын жеткізіп, оларды қазіргі қоғамдағы осындай жат қадамдардан сақтандыру.

Семинарда бейнероликтер, слайдтар көрсетіліп, жастарға жан-жақты ақпараттар берілді. Кездесу соңында жастар өз ойларын айтып, сұрақтарына жауап алды.



